Фольклорлық мәтіндерде сақталған тілдің архаикалық қабаттары халықтың тілдік ерекшеліктерін, мәдени көзқарастарын және күнделікті өмірін зерттеу үшін маңызды дерек болып табылады [1, 1]. Мақал-мәтелдер халықтық даналықты тарихтан бүгінгі күнге жеткізетін мәдени код ретінде қызмет етеді. Олар мәдениеттің түпнұсқа элементтерін тура мағынада немесе метафоралар арқылы бейнелейді. Бірақ кейбір мақалдардың түсіндірулері алуан түрлі болуы мүмкін, бұл екі негізгі фактормен түсіндіріледі. Біріншісі, метафоралық мазмұн көпмағыналылыққа әкелетінімен байланысты. Екіншісі, мақалдардың құрамындағы кейбір сөздердің мағынасын заманның өтуіне байланысты жоғалту немесе оларды халықтың қажетінше дұрыс түсінбеуімен байланысты (мысалы, архаизмдер мен историзмдер). Соңғы жағдайларда көне сөздер негізінен фольклорлық жанрларда (мақал-мәтел, жұмбақ, эпос) ғана сақталады, бұл олардың тарихи тілдік қабаттарды зерттеудегі рөлінің маңызды екенін көрсетеді [2, 362].

Мақал-мәтелдер халықтың ойлау жүйесін, өмір сүру салтын және дүниетанымын бейнелейтін, тіл жүйесінің күрделі бірлігі екенін ұмытпау қажет. Олардың құрамындағы кейбір сөздердің мағынасы көмескіленген сайын, астарындағы құндылықтың толық түсінілуіне кедергі келтіруі мүмкін. Түсініксіздіктің теріс салдары көп, оларды бірнеше қырынан қарастыруға болады:

1. Тілдік байланыс әлсірейді.

Мақал-мәтелдер тек қана көркем сөз тіркестері емес, олар ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтатын құрал. Егер жаңа буын олардың мағынасын түсінбесе, онда халықтық мұраға қызығушылық төмендейді. Бұл тілдік сабақтастықтың үзілуіне және кейбір тұрақты тіркестердің қолданыстан шығып қалуына себеп болады.

Мысалы:

«Саналы адам сағыңды сындырмас» деген мақалдағы «сақ» сөзі көмескіленгендіктен, оның астарлы мағынасын түсінбеген адамдар бұл мақалдың терең мағынасын бағалай алмауы мүмкін.

2. Қате түсініктер қалыптасады.

Кейде түсініксіз сөздерді адамдар өз ойынша жорамалдап, мақалдың бастапқы мағынасынан ауытқуы мүмкін. Бұл халық даналығының бұрмалануына және мақалдардың дұрыс қолданылмауына әкеледі.

Мысалы:

««Әй» дер әже/ажа жоқ, «Қой» дер қожа жоқ» деген мақалды кейбір адамдар әкенің не ананың анасына(әжеге) қатысты деп ұғуы мүмкін. Алайда мүлдем олай емес, бұл мақалдың мағыналық векторы мүлдем басқа субъектіге бағытталған.

3. Мәдени құндылықтардың көмескіленеді.

Мақал-мәтелдер белгілі бір мәдени-тарихи жағдайларға сүйеніп қалыптасқан. Егер олардың түпнұсқалық мағынасы ұмытылса, онда халықтың тарихи жады да әлсіреуі мүмкін.

Мысалы:

«Ата балаға – сыншы, аға – ініге сыншы» деген мақалдың мәні әке-аға-бала арасындағы отбасылық мәселені қозғайды. Бірақ қазіргі қазақ қоғамында «ата» сөзі тек үшінші буындағы атаға ғана қатысты қолданылады.

4. Халық даналығының қолданыстан шыға бастайды.

Түсініксіз мақал-мәтелдер ұдайы қолданылмайтындықтан, олардың мағынасы ұмытылады, ал бұл халықтың өзіндік ойлау жүйесінің бір бөлігін жоғалтуына әкеледі.

Осы мәселелерді шешу үшін мақал-мәтелдердің құрамындағы түсініксіз ұғымдарға ауық-ауық ғылыми түсініктеме беріп отыру қажет. Бәздәі зерттеуіміз де осыны көздейді.

Қазақ тіл білімінде мақал-мәтелдерді паремиологиялық бірлік ретінде қарастыру өткен ғасырдың аяғына таман басталған болатын. Ал сөздердің этимологиясын зерттеу жалпы тіл білімінде ертеден бастау алады. Біздің зерттеуімізде мақал-мәтелдердің құрамындағы күнгірт элементтерге сипаттама береміз. Бұл кәдімгі этимологиялық талдаудан басқаша. Қатқыл жүйеге негізделген мақал-мәтел құрамындағы көнерген сөздер де уақыт өткенімен орнын жоғалтпай тұрлаулы күйге енеді. Сол көерген сөздер мен күнгірт элементтерді сипаттап, талдау арқылы мақал-мәтелдің толық мағынасын ұғына аламыз.

Бұл бағыттағы зерттеудің негізін салушылардың бірі Ә. Қайдар. Ғалым Ә. Қайдар «Қазақ тілі эти-мологиясынан этюдтер» атты мақаласында тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер құрамында тұлға жағынан да, мағына жағынан да тілдегі басқа сөздермен байланыстыруға, этимологиясын анықтауға қиындық туғызатын сөздердің барын айтады. Мұның екі себебін былайша көрсетеді: біріншісі – бұндай сөздердің қолданылу аясы тек тұрақты тіркеспен, мақал-мәтелмен шектеледі де, тілдегі қолданылу жиілігі азаяды, екінші себебі – олардың морфологиялық, фонетикалық өзгерістерге ұшырауы [3, 193]. Бұл бағытта зерттеу жүргізіп, қазақ тіліндегі сөздерге кеңінен түсініктеме жасаған Ә. Нұрмағамбетов[4] пен А. Тымболоваларды[5] да айта кеткен жөн. Ал Қ.Кенжалин мен Ә.Таңсықбайдың[6] мақал-мәтелдерің мағынасын олардың құрамындағы сөздерге этимологиялық талдау жасау арқылы түсіндіруге бағытталған жұмыстарын соңғы кезеңнің нәтижелі зерттеулері ретінде тануға болады. Жоғарыда аталған зерттеулердің бір парасы тек арнайы сөздер мен сөз тіркестеріне тоқталса, енді бірі мақал-мәтелді түсіндіру үшін құрамына үңілген. Біздің зерттеу жұмысымыз Мақал-мәтел құрамындағы сөз бен сөз тіркесіне тоқталып, мақал-мәтелдің уәжіне барамыз.

Бұл зерттеуде қазақ тілінің тарихи, салыстырмалы және құрылымдық талдау әдістері қолданылды. Біріншіден, этимологиялық және түсіндірме сөздіктер негізінде сөздердің мағыналары анықталды. Екіншіден, тарихи дереккөздер мен түркі тілдерімен салыстырмалы талдау жүргізілді. Үшіншіден, мақал-мәтел құрамындағы сөздердің мағынасы қазақ тіліндегі басқа ұқсас тіркестермен байланыста қарастырылды. Сонымен қатар, мақал-мәтелдердегі лексикалық бірліктердің контекстік қолданылуы сараланып, оның қазақ тіліндегі тарихи және мәдени маңыздылығы талданды.

Осы зерттеу барысында әртүрлі көзқарастар салыстырылып, алынған сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасына байланысты ең қисынды тұжырымдар жасалды.

Сақ: *Саналы адам сағыңды сындырмас*. Саналы кісі меселінді қайтармайды деген мағынада жұмсалатын мақалдың құрамындағы «сақ» сөзінің мағынасы күңгірттеу. «Сақтың» мағынасын ашу үшін осындағы «сағы сыну» тіркесін бөліп алып қарастырып көрейік. Ғалым А.Тымболова былай дейді: «Сағы сыну деген тұрақты тіркестегі сақ сөзін осы тіркестің құрамынан ғана көре аламыз. Сақ сөзінің мағынасы бұл күнде күңгірттеніп, түсініксіз сөзге айналған. Бұл тіркестегі сақ сөзі хакас тілінде (сағ) күш деген мағынаны білдіреді. Хакас тілінде саам сыхты – «әлім бітті», сағ чох – «күш жоқ» деген мағынада жұмсалады. Қазақ тілінің оңтүстік диалектісінде «тәуірлену, сауығу» деген мағынада жұмсалатын сақаю сөзі осы сақ сөзінен жасалған. Сақай, сақаю формасы ұйғыр (сақаймақ), азербайжан (сағалмағ), өзбек (соғаймақ) тілдерінде сақталған. Сақ сөзі бұрын есім мағынаны білдірген, түсінікті сөз болуы мүмкін» [5]. Бұл пікірге тоқтасақ, «сағым сынды» дегеніміз «күшім бітті, шаршадым» дегенмен бірдей болады. Сонда «Саналы адам «шаршатпайды»» деген мағына шығар еді. Сонда да бұл сөздің «тауы шағылды» деген де синонимдес серігі барын ұмытпаған жөн. Мұндағы тау парсының «тауан – күш» сөзінен алынған десек, «күші біту» дегенге жуықтайды. Бұл да жоғарыдағы пікірмен үндеседі. Дегенмен қазіргі қазақ тілінде «сағы сыну» тіркесі «әлі біту, шаршау» мағынасында емес, «көңілі басылып, беті қайту» мағынасында жұмсалады. Осы себептен, қайта ойланып, «шағылу, қирау» қатты затқа тән қасиет, бәлкім «тауан» емес «тау» нұсқасын қарастырып көрерміз деген шешімге келдік. «Тауы шағылды» мен «сағы сынды» тіркестерін қатар қойсақ, ««сақтың» таумен қатысы болуы мүмкін бе?» деген сауал туады. Бұлай деуімізге уәж де, дәйек те бар. Э.В.Севортянның этимологиялық сөздігінде «сақа» деген сөз кездеседі және ол «тау етегі» деген мағынаға ие [7, 169]. «Сақа – тау етегі» болса, «тауы шағылды мен сағы сынды» мағыналас сөздер болып шығады. Мағыналас сияқты көрінгенімен, бұл әлі жай ғана долбар, нақты тұжырым, тоқтам емес.

Дәл осы сөздікте *saka* сөзінің «бабки ойынындағы соғуға (атуға) арналған құрал» (асық атуға арналған, сопақ әрі жалпақ келген, көлемі алақандай, ауырлау тақтайша тәрізді зат авт.) және «балтаның жүзі» деген екі түрлі мағынасы ұсынылады. Сонымен қатар генетикалық тұрғыдан *сага* сөзімен байланысы болуы мүмкін, себебі саға қанжардың сабы мен жүзінің біріккен жері (сондай-ақ *сақанақ* «керегенің қысқа таяқшалары...») делінген. Балтаның жүзі, қанжар жүзі мен сабының түйіскен тұсы, керегенің қысқа таяғы (босағаға бекіткенде шығып тұратын қысқа таяқша) және бабки сақасына ортақ қасиеттер: морт сынғыш, құрал, ұшы не жүзі бар зат. Олай болса қырлы, үшкір, жүзді заттың сынуы әбден мүмкін ғой. «Сағы сынудағы» «сақ» осының ішіндегі бірімен мәндес болар деген ойға осы себепті келдік. Оған І. Кеңесбаевтың фразеологиялық сөздігіндегі «қырын [сағын] сындырды, қыры сынды» тіркесі одан сайын иландыра түсті [8, 378]. Ғалым көрсеткен тіркестің мағынасы «сағы сындымен» бірдей, көңілі басылуды, беті қайтуды меңзейді. Егер «сағы-қыры-жүзі» сөздері синоним

десек, «балтаның қыры/жүзі» деген мағынада жұмсалатын «сақа» мен «сақ» бір сөз деуге негіз бар.

Б. Қалиевтің «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» атты еңбегінде «сақ» «қазадан балық сүзіп алатын құрал» деп сипатталған [9, 486]. Бұл жалпы жұрт көп біле бермегенімен, бұрындары балық аулауда қолданылған кәсіби сөз.

Осы жерден ой қорытайық. «Сағы сынудағы» «сақ» сөзін «сақа» яғни «тау/тау жиегі» деп түсінсек, «сақасы/сағасы/сағы шағылды» болып, «тауы шағылдыға» жуықтайды. «Балтаның жүзі» мағынасындағы «сақаны» «сақ+(-ы) →сағы/қыры сындымен» байланыстырсақ, «сақасы-сағы» → «жүзі→қыры→сағы» болып шығады. Жалпы жұрт білмейтін, кәсіби сөз десек, балық аулауға арналған құрал болып шығады.

Енді осылардың қайсысы нанымдырақ? «Сақ» деген «әл, күш» деген мағынаны береді деген А. Тымболованың тұжырымы түсінікке жеңіл болғанымен, сынға шыдамайды. Олай талдар болсақ, «тауы шағылды→сақасы шағылды/сынды→сағы сынды» нұсқасы сенімдірек болар еді. Себебі қазақ тілінде «күш сынды» дегенді көрген де, естіген де емеспіз, «күштің сынуын» елестетудің өзі қиындау. Сынып, шағылатын дүние болса, «сақа/тау» осы «сақ» болу керек. «Сыну» деген сөзге шүйліккен біз ғана емес. Бұл жайлы Ә. Нұрмағамбетов былай дейді: Хакас тілінде «сағ» – қазақтардағы «күш» мағынасын берсе, оларда «*күшім бітті*» деген тіркес орнына «*саам сыхты*» сөз байланыстары қолданылады. Тұлға жағын сәйкестірсек біздегі «сағы сыну» дегенді осыған жағыстыруға да болар еді. Бірақ басқа түркі тілдерінде «күш» мағынасын беретін «сақ» түбіріне ұқсас сөз ұшыраспады. Сондай-ақ моңғол тілдерінен де кездестірмедік. Бұл бір. Екіншіден, ойға салып қарасақ, «күш сынбайды» тек таусылып, бітуі мүмкін [4, 234-235]. Ғалым осы пікірді алға тартып, өз болжамы ретінде парсы тіліндегі «сағэ» сөзін ұсынады. ««Сағэ» ағаш сияқты өсімдіктердің сынуға бейім сабағы, бұтағы деген мағынаны білдіреді», - дейді ғалым. Ғалымның пікірі «күш» нұсқасына қарағанда анағұрлым нанымдырақ.

Өз талдауларымыз бен зерттеушілердің пікірін салыстыра келе, «сақ» деген «балтаның қыры/жүзі» немесе «балық аулау үшін пайдаланатын құрал» деген тоқтамға келдік. Сонда «сағы сыну» тіркесі түсініктірек болып шығады.

Белдеу: *Белдеусізден үй шықпайды, Белгісізден би шықпайды.* Ғалым Ә. Қайдардың мақал-мәтелдерге арналған түсіндірме сөздігінде мақалға «себебі: белін буып, белсене еңбек етпеген, орман аралап ағаш кеспеген адамның қолынан үй жасау келмейді, тегі белгісіз тексізден ел білетін би шыға бермейді демекші» деген түсініктеме берілген. Түсініктеме түгелдей қате емес. Алайда «белдеу» сөзін тірек еткен бөлігі мақалды қате түсінуге алып келеді.

Анығында, «белдеудің» мағынасы кісінің белдігінен гөрі, киіз үйдің белбауына жақын. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде бұл жайлы мынадай анықтама берілген: Белдеу – з а т. 1. э т н. Киіз үй туырлығын керегеге тығыз жатуы үшін сыртынан айналдыра буатын қыл арқан.

*Шідерлігі жуандау, бота тірсек,
Бейне жел, тынышты, екпінді мініп жүрсек.*

Екі көзін төңкеріп, қабырғалап,

Белдеуде тыныш тұрса байлап көрсек (Абай, Тол. жин.).

Сол кезде Күшікпай ауырып жатыр дегенді естіп, талайдан өшін ала алмай жүрген Уақтың бір батыры жауының [жанын ауыртпақ болып], белдеуде байлаулы тұрған қызыл бесті деген атын тал түсте тартып алып кетіпті (М.Әуезов, Шығ.).

Құрым үйінің белдеуінде бір ғана құлын, оның қасында оқырана түсіп кер шолақ бие тұр (Ғ. Мұстафин, Көз көрген) [10, 248].

Киіз үйдің белдеуі болмаса, таңған басқұр, жапқан туырлығың, киізін дауыл мен желде жалбырап, көтеріліп кетеді. Сол үшін «белдеусіз [белбау] киіз үй шықпайды» делінеді. Сол секілді би де белгілі, текті атадан тарайды. Тұқымында тектілік болмаса, қазақ қауымы би етіп тағайындамаған.

Ата: *Ата балаға – сыншы, аға – ініге сыншы.* Мақалдың құрамынан-ақ ұғынықты сөзге тоқталмауға да болар еді. Кейінгі буын мақал-мәтелдердегі «ата» сөзін «әкенің әкесі, үшінші буындағы кісі» деп түсініп жүр. Кейінгі буын дегенде, қазіргі қазақ тіліне тән тенденцияға айналған құбылыс болып отыр. Әрине, дәстүрімізге тигізер әсерін этнографтар айта жатар. Ал тіл деңгейінде бүкіл мақал-мәтеліміздегі «ата» сөзін «әкенің әкесіне» (дұрысы, атаның атасына) теліп жіберу жөнсіз үрдіс деп білеміз.

Осы тұста айта кеткен жөн, қазақ тіліндегі «Шопан ата, Қамбар ата, Шекшек ата» деген сөздердегі «ата» сөзі «үлкен, қарт» деген мағынаға қарағанда «Бекет ата, Әулие ата» қолданыстарындағы діни мағынаға жақын. «Атаның» аналогиясы ретінде христиан дініндегі «святой отец/әулие әкей» ұғымын көрсетуге болады. Кейін келе «ата(өз әкесі, әкесінің әкесі)» сөзі осы діни «ата» ұғымымен араласып қазақ халқына тым жақын мәнге ие болды. Осы себептен болса керек, нәсілі бөлек болса да, Укаша ата, Сунақ ата секілді дін таратушы тұлғалар жүздеген жылдар бойы түбі түрік қазақ халқына «өз атасындай» көрініп келеді. Бұл жағдайда сөз ұғымдарды даралап қана таңбаламай, біріктіріп таңбалайтын қасиетін танытып отыр.

«Ата» сөзіне қатысты «қарт, әкенің әкесі» деген қолданыс қате демеіміз. Әкенің әкесі бұрыннан-ақ «ата» делініп келеді. Мәселен, «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» делінетін энциклопедияда «ата» сөзіне қатысты «Ата – дәстүрлі туыстық қатынаста қолданылатын атау. Жеті атадан санағанда ру ішіндегі қандастық жігінде, үшінші буындағы тектің аталауы. Адам атадан Хауа анадан бері туыстық қандастық жік болып табылады. Ру тармақтарының басы. Әкенің әкесі. Ерлі зайыптылардың қайын әкесі. Көпшілік қауым тарапынан ақсақал деп ерекше қадірленеді. Дәстүрлі ортада мұндай кісілерге төрден орын беріп, әрдайым құрмет көрсеткен. Қазақта «Ауылында қартың болса, жазып қойған хатпен тең», «Аталы ел – баталы», – деген мақал бар. Ата сөзі қария, қарт, ақсақал деген сөз қолданысында да кездеседі. Ұрпақ үшін ол әрқашан А. дәрежесінде бола береді.»-деген анықтама келтірілген [11, 328].

Ал Г. Мамырбекова мен А. Сейтбекова Әбілғазы баһадүр ханның «Түрік шежіресінде» «Ата – қарт, қария. Түрк халқы ғазиз кішілерні ата дер мысалы

Хакім ата уа Сейд ата дегендік. Түрк халқы құрметті кісілерді ата дейді, мысалы, Хакім ата, Сейіт ата» деген деректі келтіріп, бұрынырақта «қария, қарт» мағынасында қолданғанын айғақтайды [12:47].

Қазір «ата = әке» екені ақылға қонымды болғанымен, алдағы уақытта бұл ұғымның түпкі мағынасынан ауытқуы әбден мүмкін. Тіліміздің өзгермелілігіне сүйеніп, осындай мағыналық ауысуларды «тіл табиғаты» деп жеңіл қабылдай салатынымыз бар. Ал жаңа қолданыстар көне қалыпты бұзып, мүлде басқа арнаға қосылса, оны «динамикалық, қайтымды өзгеріс» деп бағалау – қателік. Интернет желісінде болсын, күнделікті әңгімеде болсын, көпшілік «Әзілің жарасса атаңмен ойна», «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деп «ата» сөзін «әкенің әкесі» мағынасында қолданып жүр. Мақал-мәтелдерде «ата» сөзі «әке» мәнінде қолданылғанын біле тұра, біз бүгінде оны үшінші буын – «әкенің әкесі» деген ұғыммен шатастырып отырған жайымыз бар. Айта кетерлігі, ДТС [13, 65] және Э.В. Севортянның [14, 199] этимологиялық сөздіктерінде «ата» сөзінің ертеден-ақ «әке» мағынасында қолданылғаны жайлы нақты деректер берілген. Сол себепті «ата = әке» қолданысы – жаңа құбылыс емес, көнеден келе жатқан мағына.

Қазақ мақал-мәтелдерінде қарияға, ақсақалға қатысты мақал-мәтел жетерлік. Қызығы, әкенің әкесі, қазіргі түсініктегі атаға байланысты бір ғана мақал бар. Оның өзі шәкіртке бағытталған, ұстазға арналған мақал. «Ұстазыңды ұлы әкендей сыйла» деген мақалдағы «ұлы әке» сөзі осы «әкенің әкесі, үлкен әкені» меңзейді. Э.В. Севортян [14, 593-594] сөз тегін анықтауға арналған сөздігінде «ұлы» сөзінің «алып, мәртебелі(великий)» деген бізге таныс нұсқаларынан басқа «үлкен(старший), қалыптастырушы» деген мағыналары да барын көрсетіп кеткен. Сол себепті «ұлы әке» қолданысын «қалыптастырушы, үлкен әке» деп түсінуге болады. Мұндай ойландыратын құбылыстың «әжеге» де қатысы бар. Біздің ойымызша, «әженің» өз мағынасы ғана емес, мақал-мәтелдердегі «орны» да талқылануға тиіс сияқты.

Әже: «Әй» дер әже/ажса жоқ, «Қой» дер қожа жоқ. Бірден басын ашып алсақ, қазіргі әдеби тілде қолданылып жүрген «әже» сөзіне қатысты да, ұғымына да қатысты мақал-мәтел жоқтың қасы(Соңына қарай дәстүрлі жинаққа енген бұрма мақал жайлы айта кетем. Оны біз дәстүрлі мақалға қоспаймыз). Ал « «Әй» дер әже/ажса жоқ, «Қой» қожа жоқ» секілді нұсқалардағы «әже» сөзі не ата өрісіндегі, не ана өрісіндегі үшінші буындағы «әжемен» қатысы жоқ.

Ә. Нұрмағамбетовтің мәліметіне сәйкес, «ажса» сөзі «ауылдың сыйлы, құрметті үлкен адамы» дегенді білдіреді (ҚТТС, 1-том, 70-б.). Ғалымның айтуынша, бұл ұғым қырғыз тілінде де бар. К. Юдахиннің «Қырғызша-орысша сөздігінде» «ажса» — жасы үлкен, құрметті кісі деп көрсетіледі. Алтай мен Тува тілдерінде де осыған ұқсас мағына сақталған. Қазақ тіліндегі «әй дер әже жоқ, қой дер қожа жоқ» тіркесінен «бетке қарсы келер ешкім жоқ» деген ұғымды байқауға болады. Осы деректердің барлығы «ажса» сөзінің негізгі мәнін нақтылайды.

Зерттеушінің пайымдауынша, әуелде «ажса» сөзі «а» дыбысынан басталып, уақыт өте келе «ә» дыбысына ауысқандықтан «әже» түріне енген. Яғни бастапқы

мағына көмескіленіп, дыбыстық ұқсастық салдарынан жаңа нұсқа орныққан. Ғалым Көне түркі тілдеріндегі (ДТС, 1969) «ачу» немесе «аджу» сөздері «әке» мағынасында қолданылғанын атап өтеді. Олар сол дәуірдің дыбыстық заңдылықтарына сай «ажа» түріне айналуы заңды. Осыдан келіп «ай дер ажа» тіркесі кезінде «ай дер әке» (не тіпті «әй дер құдай») деген ұғымды білдірген деген қорытынды жасайды [4, 89].

Ш. Құрманбайұлы мен М. Адилов былай дейді: Қазақ тіліндегі ӘЖЕ сөзінің де ескерткіштер мен тілдердегі мағынасы өзгеше. Біздегі әйел адамдарға қатысты айтылатын туыстық атау әженің көне тұлғасы ече, ача тарихи мұраларда ең алдымен ер адамдарға қатысты, яғни «әке, ата, көке, аға» дегенді білдірген. «Әй дер ажа, қой дер қожа жоқ» (Кеңесбаев, 2007: 22) тұрақты тіркесіндегі ажа да «әке, көке, ата» мағынасындағы сөз болса керек. Әже, ажа деген сөздердің көне тұлғасы ече қазақ говорындағы әпше атауында «еше» формасында сақталғаны анық. Сонымен, Әй дер ажа, әпше қолданыстарындағы ажа, ше (еше), әже тұлғаларын көне және қазіргі түркі тілдеріндегі «ата, әке, көке» мағыналарындағы ечи/ече/еже/ачы/ ажы/ажа варианттарымен байланыстырып, төмендегі деректерді келтіреміз: Орхон мұраларында ечи «аға, көке» (Күлтегін, Оңт.: 16...); ечү «ата, баба» (Күлтегін Шығ.: 1...). Енисей тастарында ача «туыс» (ДТС: 4). Көне ұйғыр жазулы мұраларында ече «аға» (Саferoğlu, 2011: 68). «Диуани лұғатит түрк»-те ичи «іні» (DLT: 56/42). Хорезм дәуірі жазбасы «Құран тәпсірі» кітабында ечи «әке жағынан аға туысқан, көке» (Боровков, 1963: 86). Мәмлүк қыпшақ ескерткіштерінде ичи «көке» (Саferoğlu, 1931: 9); еччи «аға, көке» (Toparlı және т.б., 2014: 69). Анадолы түрік жазбаларында еже «көсем, бастаушы»; еде «үлкен аға». Қазіргі түркі тілдерінде көбіне «туыс ер адам» мағынасында таралған: Татар т., диал. әзі «аға»; түрік тілінің диалектілерінде есе/есі/еşe/ежі/ede «әке, аға, көке»; алтай т. ачы «әке жағынан туыс аға» тува т. ача «әке»; хакас т. ача/ажа «аға, көке»; чуваш т. аса «әке»; шор т. иче «ана»: аба-иче «ата-ана» (Покровская, 1961: 28). Моңғол т. ажиге/етсег «әке» (Черемисов, 1951: 725). Эвенки т. ачи «аға», солон т. ача «әке» (Бурыкин, 2001: 150). Қазақ тіліндегі әже/ажа атауының түркі тілдеріндегі таралған нұсқалары еже, ежи, ажа, ача, ече болса, ол моңғолшада ежиге, ал тұңғыс тілдерінде ети болып айтылады. Бүкіл туыстас және алтай тілдеріндегі көне, сонымен бірге кең таралған мағынасы «әке, ата» екендігі дәлелденген. Ача, ече деген сөздердегі «ч» дауыссызының «т» дыбысына ауысатынын еске алсақ (ошақ-отау, теңіз-шыңғыс, тошала-шошала, дейін(тейін)- шейін...), ендеше ача/ажаның ата сөзімен түбірлес екендігін айғақтайды [15, 94-95].

Сонымен, екі көзқарас та паремиядағы «әженің» қазіргі «әже», яғни «әке мен ананың анасына» қатысы жоқ екенін дәлелдейді. «Әжеме де барайын, бұзауыма да қарайын» деп келетін паремия бар. Біздің ойымызша, бұл бертінде пайда болған бұрма қолданыс. Бұрма қолданыстың тууына себеп болған «Апама да барайын, тайымды да үйретейін/тайыма да қарайын» деген дәстүрлі мақал. Бұл мақалдың мағынасы жайлы ғалым Ә. Қайдар былай дейді: «қазақтың өмір-салтынан алынған: күйеуге шыққан апасын көптен бер көрмей сағынған баланың (інісінің) ержетіп, тайын үйретіп жүріп, «екі істі бірдей бітірейін!» деп ата-

анасынан сұрануы; 2. ауысп. бір істің сылтауымен, желеуімен екінші істі де тындыру, екі қоянды бір оқпен атып алу мәніндегі мақал». Бұл – бұрма қолданыс. Бұрма қолданыс болатыны сол, бұрманың белгісіз авторы дәстүрлі нұсқадағы «апаны» қазіргі қолданыстағы «әже» деп ойлаған болса керек. Әйтпесе бұрынғы қазақ бүкіл әулетімен бір ауылда тұрған жоқ па? Бір ауыл түгіл бір шаңырақ астында тұрған кездері де бар. Бір барыста өріске өзі жайылып келетін сиырдың төлін қарап, ары кетсе, көрші тұрған үлкен үйдегі әжесіне де соға кету қай немереге қажет болыпты? Сол кезеңдерде бұл сұрануға, айтуға тұрарлық дүние ме еді? Жоқ. Осындай уәжсіз мақалжасам бұрманы әшкерелеп береді. Ал бұл нұсқаның, дәстүрлі фольклордың үлкен жинағы, «Бабалар сөзі» жүзтомдығына еніп кеткенін, апарып қосар жаңа сөздіктің болмау себебімен байланыстырамыз. Мұндай мәселе туындамас үшін, қазіргі айналымда жүрген афоризмдерді, бұрма, кереғар қолданыстарды жиып, жаңа мақал-мәтелдер сөздігін шығару қажет.

Мақал-мәтел құрамындағы әрбір сөз маңызды. Мақал-мәтелдерде тура, ауыспалы мағынадан бөлек дәуірдің бет-бейнесі, психологиясы, нанымдары, шешімдері, деректері жасырынған. Ал сөз мағынасын кеңінен тани келе өткеннің сырына ғана үңілмей келешекке жол саламыз.

Зерттеуде адамға қатысты мақал-мәтелдердегі «сағы сыну», «белдеу», «ата» және «әже/ажа» ұғымдарының түпкі мағынасы мен тарихи дамуы жан-жақты талданды. Зерттеу нәтижесінде:

➤ «Сағы сыну» тіркесіндегі «сақ» сөзі жан-жақты талдап, этимологиясына ой жүгірттік. Талдау нәтижесіне сай «сақ» сөзі «балық аулауға арналған құрал» немесе «балтаның қыры/жүзі» деген тоқтамға келдік.

➤ «Белдеу» ұғымына түсінік беру арқылы, киіз үй мен қоғамдық құрылыстағы тәртіптің байланысын көрсеттік.

➤ «Ата» және «әже/ажа» сөздерінің мағынасына ғылыми тұрғыда, кеңінен түсінік берілді. Сонымен қатар қазақ мақал-мәтелдеріндегі қолданысы сипатталды.

Осы талдаулар тілдің өзгермелілігін тағы да бір байқатып, мәдени мұра мен этнографиялық тамырларды тереңірек түсінуге жол ашады. Сонымен қатар тіліміздегі әлі жинақталмаған жаңа паремияларды анықтап, бұрмаланған қолданыстарды нақтылап, дәстүрлі нұсқаларды таза сақтап қалу үшін, өз алдына жаңа мақал-мәтелдер сөздігін(жинағын) құрастыру қажет екенін аңғардық. Ол сөздіктің электронды(сайт түрінде) болуы жаңа мақал-мәтелдерді оңай тіркеуге жол ашады.

Әдебиеттер тізімі

1. Darbasova S., Ilyina N. Proverbs and sayings collected by A.E. Kulakovsky: language analysis as a source of ethnocultural information // SHS Web of Conferences. – 2022. – No134. – Pp. 1-8. <https://doi.org/10.1051/shsconf/202213400042>
2. Madiytorova V.Q. Analysis of archaic words in the structure of english and uzbek proverbs // EPRA International Journal of Research and Development (IJRD). – 2021. – No6. – Pp. 360-362.
3. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы: Сардар, 2014. – 256 б.
4. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз: (сөз төркіні) – Алматы : Рауан, 1994. – 303 б.

5. Тымболова А.О. Тіл тарихын танытудағы тұрақты тіркестердің ролі *Millî Kültür Araştırmaları Dergisi (MİKAD) Cilt: 1 - Sayı: 2 - Aralık 2017 URL: <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/386368>*
6. Kenzhalin K. K., Tansykbai A. K. «Басы–бапан, аяғы–сапан» мәтеліндегі көнерген сөздер //Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2022. – Т. 188. – №. 4. – С. 81-89.
7. Севортян Э.В. *Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на буквы «Л», «М», «Н», «П», «С»* Издательство: М.: Восточная литература РАН, 446 страниц; 2003 г.
8. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. - Алматы: "Арыс" баспасы, 2007. - 800 б.
9. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2014. - 728 б.
10. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том / Құраст. Б.Сүйерқұлова, С.Жапақов, Т.Жанұзақов және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006.
11. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: Энциклопедия. 1-том. – Алматы, 2011.
12. Мамырбекова Г. Сейтбекова А. Әбілғазы баһадүр ханның "Түркі шежіресінің" тезаурус сөздігі - Алматы : Фирма Орнак, 2013. - 480 б.
13. Древнетюркский словарь. Редакторы В.М.Наделяев, Д.М.Насилов, Э.Р.Тенишев, А.М.Щербак. Л.: «Наука», Ленинградское отделение. 1969.
14. Севортян Э.В. *Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на гласные / АН СССР. Ин-т языкознания. -М.:Наука, 1974.-768с*
15. Құрманбайұлы Ш., Адилов М.Е. «Тәте» және өзге де туыстық атаулардың семантикасы //Turkic Studies Journal. – 2022. – Т. 4. – №3. – 85-102 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-3-85-102>

ОБЪЯСНЕНИЕ НЕКОТОРЫХ ПОНЯТИЙ, СОДЕРЖАЩИХСЯ В ПОСЛОВИЦАХ И ПОГОВОРКАХ, ОТНОСЯЩИХСЯ К ЧЕЛОВЕКУ

О. К. Абдиров,
докторант
Евразийский национальный университет
им. Л. Н. Гумилева
Астана, Казахстан,
orken1996@mail.ru

Аннотация. Данное исследование посвящено анализу причин неоднозначности казахских пословиц, их культурно-исторической значимости и влияния языковых изменений. Основная проблема заключается в том, что архаичные слова и понятия со временем размываются, что приводит к разрыву народной мудрости и языковой преемственности. В исследовании применялись методы историко-сравнительного, структурного анализа, рассматривалась связь слов с тюркскими языками, их роль в фольклорном контексте. Результаты показывают, что потеря окончательного смысла пословиц влияет на искажение культурных ценностей населения, распространение заблуждений и ослабление исторической памяти. Научная новизна работы-восстановление культурно-исторического контекста пословиц путем всестороннего анализа их лексических составов. В заключение необходимо создать специальные толковые словари и электронные ресурсы для сохранения пословиц и поговорок, а также объяснить их важность новому поколению. Это, помимо сохранения языкового наследия, будет способствовать укреплению национальной идентичности.

Ключевые слова: пословица, этимология, архаизм, культурный код, языковая преемственность.

EXPLANATION OF SOME CONCEPTS CONTAINED IN PROVERBS AND SAYINGS RELATED TO HUMANS

O. K. Abdirov,
doctoral
L. N. Gumilyov Eurasian National University
Astana, Kazakhstan
orken1996@mail.ru